



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 27 (826) 4 шілде 2024 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](http://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

## МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

### ЕЛ ЖҮРЕГІ - АСТАНА КҮНІМЕН!



#### ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді Астана күнімен шын жүректі құттықтаймын!

Әрбір қазақстандық үшін Астана – даму мен өсу үшін мол мүмкіндіктер ашатын ерекше шаһар. Астананың табыстары Қазақстанның барлық өңірлері үшін дамуға серпін беретін берік негізге айналды.

Бұл қаламен біздің мемлекетіміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік табыстары, мыңдаған қазақстандықтардың армандары, үміттері мен болашағы тығыз байланысқан.

Алағ қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру елорданың одан өрі гүлденуімен болашағының жарқын болуы үшін жаңа мүмкіндіктер береді.

Қазақстанның бас қаласы өлем өлдері басшыларының диалог құрып, келіссөздер жүргізетін алаңына айналды, мұнда қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған бірқатар тарихи шешімдер қабылданды.

Біздің мақтанышымыз – Астана ерқашан жарқырай берсін! Ол бұрынғыдай өзінің бірегей ғимараттарымен, тартымды сұлулығымен, инновацияларымен берімізді қуантсын және әлемдік қауымдастықтағы өзінің орнын нығайтсын!

Мереке күні Сіздерге мықты денсаулық, бейбітшілік, ізгілік пен үмілді тілеймін! Біздің астанамыз берімізді жаңа жетістіктерге бастасын, гүлденсін және жайнай түссін!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

#### ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

Сіздерді Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке маңызды қоғамдық-саяси мәнге ие және әрбір қазақстандық үшін шын мәнінде жалпыхалықтық болып табылады.

Бұл күні біз елордамыздың бай тарихын ғана емес, оның заманауи жетістіктерін де атап өтеміз. Астана - бұл жай ғана қала емес, өліміздің жүрегі, мыңдаған идеялар бірігетін, күн сайын бүкіл Қазақстан үшін жаңа және маңызды шешімдер қабылданатын орын.

Құрметті жерлестер!  
Осы мереке күні Сіздерге зор денсаулық, бақыт және амандық тілеймін!

Қайрат ОМАРОВ,  
аудан әкімі.

## ЖҰМЫС САПАРЫ



### БЕС МЕХБРИГАДА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР

26 маусым күні су тасқынынан зардап шеккен Заречный кентіне аудан әкімі Қайрат Омаров арнайы барып, үйлерді қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі зардап шеккендердің тұрғын үйін қалпына келтіру бойынша Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі зардап шеккендердің тұрғын

жөндеу жұмыстары бес пәтерде жүргізілуде, 7 жеке үй бұзылды. Сондай-ақ 8 бірлік КамАЗ, екі тиегіш, экскаватор жұмыс істеп жатыр, - деді Қайрат Қайроллаұлы.

Аудан әкімі үйлерді сүру жұмыстарын көрген соң, бірнеше үйлерді аралады. Соның барысында аудан басшысы тұрғындармен әңгімелесіп, жөндеу жұмыстарымен айналысып жатқан мамандарға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

### «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - ЖАСТАР ҮШІН»

Ел Конституциясымен барлық азаматтарға мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуге кепілдік беріледі. Мемлекеттік міндеттерді іске асыру үшін қажетті сандық құрамнан басқа, адами капиталдың сапасы ерекше маңызға ие.

Бүгінгі таңда облыста 35 жасқа дейінгі жас қызметшілердің 30% мемлекеттік қызметте жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызметті танымал ету мақсатында мемлекеттік қызметшілер арасында имидждік іс-шаралар, оң жетістіктерді жариялау, шығармашылық конкурстар өткізілетінін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің департаменті жанынан 2018 жылдың басынан бастап ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының облыстық филиалы базасында жұмыс істейтін жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің 9

маусымы іске асырылды. Бұл мектеп мемлекеттік қызметке кіру, жастарды патриоттық тәрбиелеу үшін әлеуетті кандидаттарды даярлау мақсатында жұмыс істейді.

Студенттер тарапынан мектепке деген қызығушылықтың үнемі артуы байқалады. Мәселен, ағымдағы жылдың маусым айында аяқталған 9 маусымда Солтүстік Қазақстан университетінің, Гуманитарлық-техникалық колледжінің және Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжінің түрлі мамандықтар бойынша оқитын 28 студенті қатысты.

Жобада үш кезең қарастырылған: теориялық, практикалық кезең, сонымен қатар заңнаманы білуге тәстілеу.

Өз кезегінде, бірінші кезеңде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясының филиалында дәрістерге қатысу ұйымдастырылды.

Курс тыңдаушылар заңнама негіздерімен таныстыруға, сондай-ақ жеке қасиеттерін, қажетті құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Теориялық кезең аяқталғаннан кейін студенттерге өңірдің мемлекеттік органдарында оқу практикасымен ұштастыра отырып, тағылымдамадан өту мүмкіндігі беріледі, содан кейін оқушылар мемлекеттік қызметке түсу үшін тестілеуден өтеді.

Әрине, бұл жобаның барлық қатысушылары талантты және қабілетті, әлеуетті үміткерлер.

Мемлекеттік қызметші мәртебесін алу - бұл өзін маман ретінде танудың құрметі мен мүмкіндігі ғана емес, сонымен бірге

өз тағдырына сенетін және мемлекеттік басқару өкілдерінің құзыреттілігі мен кәсібилігіне сенетін адамдарға қызмет өту.

Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің түлектеріне сәттілік пен мемлекеттік қызметке кіруді тілейміз!

10 маусымның жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне түсу мәселелері бойынша 8 (7152) 46-58-08, 36-01-35 телефондары бойынша немесе Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 38 үй, 1 қабат, 4 кабинет мекен жайы бойынша хабарласуға болады.

А. АҚАНОВ  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істер Агенттігінің  
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша  
департаментінің бас маманы.



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

## БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІРЕГІ



2 шілде күні аудандық Мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы – 2024» байқауының аудандық кезеңінің ақтық сыны болып өтті. Байқауға Тілеуовтер, Зәкіровтер, Егоренколар, Майлашевтар, Выходцевтар және Лариндар сынды отбасылар қатысып, өздерінің ұйымшыл әрі тату-тәтті отбасы екендерін дүйім жұртқа паш етіп көрсете білді. Әділ-қазылар шешімі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының атынан облыстық байқауда Тілеуовтер және Зәкіровтер әулеттері бақ сынап, аудан намысын қорғайды.

Мерекеге аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов арнайы келіп,

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы – баланың азамат болып өсуінің негізі. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

жеңіске жеткен отбасыларды құттықтап, сыйлықтар мен мадақтама қағазын табыс етті.

- Құрметті жерлестер, Сіздерді аудан әкімі Қайрат Омаровтың атынан бүгінгі «Мерейлі отбасы» байқауының мәресіне жетуімен шын жүректен құттықтаймын!

Осы іс-шара ауданымызда көп жылдан бері өткізіліп келеді және жыл сайын оған лайықты отбасылар белсене қатысады. Байқаудың басты мақсаты - отбасылық құндылықты нығайтуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған. Сондықтан

Сіздерге және отбасыларыңызға тек қана мықты денсаулық, амандық-саулық тілеймін. - деді Азамат Сайранұлы құттықтау сөзінде.

Шара барысында аталған отбасылар туралы бейнероликтер көрсетіліп, аудандық Мәдениет үйінің өртістері жиналған көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шара соңында қатысушылар естелікке суретке түсіп, үйлеріне тарасты.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ,  
Суретті түсірген автор.

7 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

## ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛАНТ ИЕСІ

Домбыра – қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Домбыра – қазақтың киесі, қасиеті, қазынасы. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» - деп Қадыр Мырза Әлі ақын айтқандай, домбыра десе «қазақ халқының» тарихы көрінгендей болады. Төрт мың жылдай тарихы бар домбыраның қоңыр үні кім-кімді де тамсандырмай қоймайды. Бүгінде ол өзінің ерекшелігімен Гиннес рекордтар кітабына еніп, ЮНЕСКО-ның сертификатын алып үлгерді. Ұлттық кодымызды қайта жаңғыртуға бағытталған айтулы мерекенің ер қазақ баласына берері мол екені белгілі. Құрманғазы, Төттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Дина, Сүгір сынды бабаларымыздан мирас болып қалған күй өнерін жандандыруда да бұл күннің алар орны ерекше.



алдымен тұрақтаған мекені – Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы еді. Қазақстан ауыл мектебінде өнерге талпынып жүрген оқушыларды маңайына топтастырып, Ризабек Төлеубекұлы нота мен домбырадан сабақ беріп, екі-үш жылда қырыққа жуық шәкірт тәрбиелеп үлгерген. Оның дайындаған оқушылары мереке-мейрамдарда және ауданда, облыста өткізілген шығармашылық байқауларға қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінген.

2019 жылы Оңтүстіктен Солтүстікке көші-қон бағдарламасы аясында СҚО

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласына көшіп келеді. Мұнда да ол Алланың берген талантын толық пайдаланып, солтүстік тұрғындарына қолдан домбыра жасап беріп, бірегей өнерімен елге танылып жүр. Ризабек Төлеубекұлы поэзия жанрында көптеген өлең-мақалалары жарық көрген ақиқат ақын екенін жоғарыда айтып өттік. Ол 2021 жылы «Қызылжар» облыстық телеарнасында сұхбат беріп, «Арнайы мереке», «Үкілі домбыра», «Наз ерке» және «Туған жер» атты төрт күйінің таныстырылымы болған екен. Бұдан басқа

«Астана» және «Хабар» республикалық телеарналарының тілшілері арнайы келіп, Ризабек ағамыздан сұхбат алып, өзгеше өнерімен және шығармашылығымен жете танысады.

2021 жылы ақиқат ақын Мұқағали Мақатаевтың 90-жылдығына арналған «Ғасыр құрдасымен сырласу» атты түрлі өнер сайысында ақын мен оның шығармашылығына арнап жазған, күй өнері бойынша Ризабек Төлеубектің «Мұқағали» атты күйі жүлделі 2-ші орынды иеленген екен. Бүгінгі таңда Ризабек ағамыз аудандық Мәдениет үйімен тығыз байланыс жасап, әсіресе, «Аманат» әжелер клубының мүшесі ретінде аудандық және облыстық байқауларда және мерекелерде домбырамен ән салып, ұлттық аспаптың танымал болуына өз үлесін қосып жүрген өнер иесі.

Биыл Наурыз мейрамында әжелер мен ақсақалдар бас қосып, жанына өнерлі жастарды топтастырып, «Жарпазан» айтып, халықтың қошеметіне бөленді. «Мағжан оқулары» сайысына қазылық еткен Ризабек ағамыз да ұлттық мейрамда ұлттық киім киіп, қазақтың қара домбырасымен бірнеше ән орындады. Осылайша аудандағы мәдениет пен өнер саласына жеке үлесін қосып, ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтардың насихаттауға атсалысып жүрген Ризабек ағамыздың қоғамдағы алар орны ерекше.

Жалпы Ризабек ағамыздың марапат пен атақтары баршылық, атап айтар болсақ, ол Халықаралық «Таңжарық» зерттеу қоры қоғамының, Қазақстан авторлар қоғамының және «Әлем халықтары жас жазушылары өнер шеберлері ассоциациясының» мүшесі, Қазақстан 30-жылдық Құрмет орденінің және «Таңжарық» төселгісінің иегері.

Оң саусағынан өнер тамған хас шебер, ақын, күйші, жан-жақты талант иесі Ризабек Төлеубекұлының Мағжан еліне берері мол деп есептеймін. Оның таланты шексіз. Ендеше, баршаңызды Ұлттық домбыра күнімен құттықтай отырып, бақытты да баянды өмір, зор денсаулық, жемісті еңбек, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, құт-береке тілеймін. Ұлттық аспабымыз – Домбыра жасасын!

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,  
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы»,  
РҚБ СҚО Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының төрағасы.

«Шілденің алғашқы жексенбісі - Ұлттық домбыра күні» деп белгіленіп, қазақ халқының жан серігі, рухани азығы болып келген киелі домбыра күні быыл жетінші жыл елімізде кеңінен тойланып келеді. Осыған орай, біз 2016 жылы Атамекені – Қазақстанға қоныс аударып, 2019 жылы Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласына тұрақтаған қандасымды, домбырашы, он шақты ән мен жиырмаға жуық күйдің авторы, Халықаралық «Таңжарық зерттеу қоры қоғамының» мүшесі, домбыра жасушысы – Ризабек Төлеубекұлы жайлы сөз қозғайтын жөн көрдік.

Ризабек ағамыз 1973 жылы 19 қыркүйекте Қытай Халық Республикасы, Іле облысы, Тоғызтарау ауданында дүниеге келген. «Әке көрген оқ жонар» демекші жастайынан қолынан өнер тамған ұста әкесінің жанында жүріп, өсе келе, қызығушылығы одан сайын артады. Ер жеткен сайын кейіпкеріміз ағаштан астау, ыдыс-аяқ, домбыра, көде-сыйлар жасап, әкесінің ақ батасын алады. Жас шебер ағашқа қазақи ой-өнерктер ойып, ұлттық нақыштағы дүниелерді өмірге әкеледі. Осылайша, оның көз келген жасаған затында өзіндік ерекшелік пайда болады.

«Жігітке жеті өнерде аз» дегендей Ризабек ағамыз ағаш ұстасы ретінде ғана танылмай, ән шығарып, айтысқа қатысқан талантты жан. Мәселен, ол аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысып, талай рет жеңімпаз және жүлдегер атанған айтыскер ақын. Сондай-ақ ол бірнеше рет арнайы сыйлықтарды жеті рет жеңіп алған дарын иесі.

Бір өтпеген-айы Ризабек ағамызда ресми құжат – диплом жоқ, бірақ тума талантқа тұсау жоқ дегендей, оның екі жыл бойы музыка мектебінде білім алған білімі бар, бірақ отбасы жағдайына байланысты оны толық аяқтай алмаған екен. Дегенмен, ноталарды толық меңгеріп алған өнші ағамыз дарындылығының арқасында жан-жақты танылып жүр. Тіпті, ауыл мектебінде бірнеше жылдай ән-күйден сабақ берген ұлағатты ұстаз жас ұрпақты өңшілікке, күй өнеріне ғана тартпай, оларды домбыра жасауға да үйреткен екен. Бүгінгі таңда сол шәкірттері өсіп-өніп, арасында өз алдына кәсіпшілікпен айналысып жатқандары тағы бар.

Бұл сүйікті ісін Қазақстанға көшіп келген соң да жалғастырып келе жатқан ағамыз

# ҚАЛАЛЫҚТАРДЫ ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ҰЙЫМ



өзіне жүктелген функционалды міндеттерді уақытылы әрі сапалы орындайды. Мәселен, кәсіпорынның негізгі міндеттері мынадай:

- Әкімшілік-басқару персоналы кәсіпорынның үздіксіз және тиімді жұмыс істеуі үшін барлық қажетті процестерді ұйымдастырады.

- Апаттық бригада тұрақты жұмыс істейді. Егер апаттық жұмыс болмаса, ол профилактикалық жұмыстармен айналысады. Өрт гидранттарына қызмет көрсетеді, оларды майлайды, қысымды тексереді. Өйткені, егер өрт орын алса және гидрант жұмыс істемесе, өрт сөндіру машинасы цистернаға су құя алмайды.

- Суқұбыры шаруашылығының бақылаушылары су құбыры желісіндегі су өлшегіш есептегіштердің көрсеткіштерін алып тастайды, сондай-ақ қолданыстағы тарифтерге сәйкес пайдаланылған су үшін есептеуді орындайды.

Кәсіпорын толық шаруашылық есебінде жұмыс істейді. Сондықтан, егер апат болса, оны тез арада жоюға кіріседі. Өйткені, сорғылар электр қуатымен жұмыс істейді және бәрі өз қаражатынан төленеді.

Ешқандай асыра сілтеусіз бұл кәсіпорынды стратегиялық деп атауға болады, өйткені ол халықты өмірлік маңызды ресурс – таза ауыз сумен қамтамасыз етеді. Қарапайым

халық тамақ дайындау және тұрмыстық қажеттіліктер үшін су пайдаланған кезде оның қайдан және қандай еңбекпен келіп жатқанына мән бермейміз. Ал үйде қаннан таза су ағып жатқанның артында өзісіне адал әрі жауапты су шаруашылығы мамандары тұрғанын ескеруіміз керек.

«Булаев су» ЖШС қызметкерлерінің жұмысы тәулігіне жиырма төрт сағат бойы абыройлы еңбек етіп, қалалықтарды таза ауыз сумен жабдықтауға өз үлестерін қосып келеді. Кейде тәнертең су шүмегін ашқанда, біз түнгі уақытта су құбырында апат болғанын, ол мамандардың күшімен тез арада жойылғанын білмейміз де.

Олардың барлық еңбек қызметі бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Әрине, штаттан тыс жағдайлар да болып тұрады. Өкінішке орай, ол әртүрлі өмірлік жағдайларға, ауа райына байланысты, дегенмен оларды болдырмау үшін су шаруашылығы мамандары тынымсыз қызмет етуде. Олардың басты міндеті - қала тұрғындарының өмірін жайлы етіп, таза ауыз сумен қамтамасыз ету. Ендеше, кәсіби мереке қарсаңында аудандағы барша су шаруашылығы қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, мықты денсаулық, қажымас қайрат, бақыт пен береке тілейміз.

Қанат ӨТЕМҰПАТОВ.

Қазақстанда 9 шілде - Су шаруашылығы қызметкерлері күні. Атаулы мереке біздің елде 2019 жылдан бастап күнтізбеге еніп, аталынып өтіп келеді. Су – тіршілік көзі екенін ескерсек, аталмыш сала мамандарының қоғамда алар орны ерекше.

Булаев қаласын таза ауыз сумен қамтамасыз ететін ұйым - «Булаев су» ЖШС. Қарапайым халық кәсіпорынды, тіпті, қысқа мерзімге тоқтатуға немесе жабуға болмайтынын көбіне

біле бермейді. «Булаев су» ЖШС қызметкерлерінің жұмыс күні тұрғындардан әртүрлі қоныраулар қабылдаудан басталады. Шағымдар әртүрлі - қысым төмендеді, кәріз

бітеліп қалды, құбыр жарылды, ұңғымадан су ағып жатыр дегендей. Кәсіпорында жалпы 20 адам еңбек етеді. Бір қарағанда жұмыс үлкен емес, бірақ олар өте тату әрі жауапты. Әрқайсысы

# МАЛ ДӘРІГЕРІ – ЖАУАПТЫ МАМАНДЫҚ

Сұлтан Сұрағанұлы 1966 жылы 22 тамызда Дүйсеке ауылында дүниеге келген. Ауылдың 8-жылдық мектебін тәмамдап, 9-10 сыныптарды Қарақоға орта мектебінде қазақша оқып бітіреді. 1983 жылы Покровка ауылындағы Ленин ауыл шаруашылығы техникумына мал дәрігері мамандығы бойынша оқуға түсіп, тек 1989 жылы ғана аяқтап шығады. Оның себебі, 1985-87 жылдары жас жігіт Архангель облысындағы Жана жер аралында Отан алдындағы борышын өтейді. Кіші сержант атағымен және 1-ші сыныпты байланысты мамандығымен әскерден аман-есен елге оралған сарбаз оқуын жалғастырып, мақсатына жетеді.

Содан қолына диплом алып, жас маман туған ауылында табынды молайту бойынша технолог болып еңбек жолын бастайды. Ауылдағы фермада Сұлтан Тұрғынов өмір бойы мал өсіріп, оның қыр-сырын толық меңгерген ауыл ағаларынан көп нәрсені үйренеді. 1992 жылы мал дәрігері болып, көрші Бинаш ауылына ауасады. Ал 1993 жылы Писаревка кеңшарына көшіп келеді. Сүт-тауарлы фермада мыңғырлаған мал өсіруге атсалысып, аға ветеринарлық фельдшер лауазымына дейін көтеріледі.

Бірақ 1995 жылы Сұлтан аға кеңшардың тоқырауға ұшырауына байланысты жұмысын «Қазақтелеком» АҚ қызметке ауыстырып, Писаревка ауылында электромонтер болады. Бұл ретте оның әскерде байланысты мамандығы бойынша жинаған мол тәжірибесі көмек болып, 1996 жылы Надежка ауылына қоныс аударады. Мұнда ол байланыс қызметінде еңбек етіп, тек 2012 жылы ғана ветеринария саласына қайта оралады.

Алдымен Сұлтан Сұрағанұлы табынды молайту бойынша технолог болып бастап, 2015 жылдан Ноғайбай ауылдық округінің ветеринарлық мал дәрігері лауазымын атқарады. Мал шаруашылығы саласындағы білімі мен тәжірибесі кейінкерімдінің абыройлы қызмет атқаруына оң септігін тигізін келеді.

- Мен алты ауылға қызмет етемін. Атап айтсақ, Надежка, Қарағанды, Дүйсеке, Еремеевка, Бинаш және Ноғайбай ауылдары. Астында аудандық ветеринарлық станса берген автокөлік бар. Елді мекендерді халықтың шақыруымен немесе бекітілген жоспарға сәйкес аралап, жануарларға сырға тағып, компьютер арқылы жануарларды түгендеу бағдарламасындағы тізімге

*Ел ішіндегі ең маңызды жағдайдың саулық және мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетінің артуы қауіпсіз өнім өндіруді қамтамасыз ететін ветеринария жұмыс істейтін тығыз байланысты. 10 шілде күні - Қазақстанда «Ветеринария туралы» бірінші заң қабылданып бекітілді. Сондықтан ветеринарлар бұл күні кәсіби мерекелерін атап өтеді. Осыған орай, бұл аудандық ветеринарлық стансаның қызметкері, Ноғайбай ауылдық округінің ветеринарлық фельдшері - Сұлтан Тұрғынов жайлы баяндаймыз.*



енгіземіз. Уақытылы қан алып, зертханаға тапсырамыз. Одан қалды ауылдықтардың жануарларын әртүрлі мал ауруларынан сақтау үшін екіе егеміз. Төлқұжаттарына тиісті белгілерді кіргізіп, осылайша, барлық мал басын бақылауда ұстаймыз, - дейді округтің мал дәрігері.

Мал дәрігері болуды кейбіреулер сенен қалған мамандық деп ойлайды. Шын мәнінде олай емес, мал дәрігері – сұранысқа ие мамандықтың бірі. Мал дәрігерлері жан-жануарлардың ауруларын емдейді, әртүрлі аурудың алдын алу үшін екіе салып, қажет болғанда ота жасайды, малдан алынған ет, сүт, т.б. өнімдерге бақылау жүргізіп, осы өнімдердің жарамды-жарамсызын айырады. Яғни «Медицина – адамды емдесе, ветеринария – адамзатты емдейді» дегенімен, ветеринария маңызды сала. Дегенмен, жан-жануарларға қамқорлық жасау ұяйтын жан болса ғана бұл мамандықты таңдай алады. Яғни, аяғынан тік тұрып қызмет қылу, ұзақ жүріс-тұрысқа шыдамды болу, әрбір жануардың өзіне тән иісіне тозу екінің бірінің қолынан келмейді.

20 жылға жуық өзінің сүйікті мамандығын игеріп, оның қыр-сырына қанығып, әлі де менеріп жүрген Сұлтан Тұрғынов ауданда тәжірибесі мол мал дәрігерінің бірі саналады. Еңбегіне адал, отбасына қамқор, мамандығына жанашыр Сұлтан Сұрағанұлы сияқты азаматтардың еңбегі қашан да құрметке лайық.

Сұлтан ағамыз өмірлік жары Айымгүлмен бірге, үш ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсіріп, бүгіндері екі немере мен екі жиен сүйіп отырған бақытты жандар. Бақытты отбасының ұрпағы егеменді еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлестерін қосып, әр салада мінсіз қызмет етіп келеді. Өйткені ата-ананың жанұяда берген тәрбиесімен өскен бала ертең елі үшін, отбасы үшін барын салады.

Сөз соңында айтарым, «Мал жаның аман ба?» деп бір-бірінің жағдайын қалаңның амандығынан бастап сұрайтын әр малыңның тұрмыс-тіршілігі әркез төрт-түлікпен тікелей байланысты болды ғой. Ал сол төрт-түліктің денінің сау болуы бүкіл адамзаттың денсаулығы үшін аса маңызды. Ендеше, сол бір жауапты жұмысты абыроймен атқарып жүрген сала қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, отбасыларына амандық, дендеріне саулық, еңбектеріне табыс тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕЕВ.

С МЕРЕЙТОЙ

# «МЕНИҢ ЖОЛЫМДЫ АШҚАН МАҒЖАН»



Алаштың ең аяулы перзенттерінің бірі Мағжан Жұмабаевтың ұмырнамасын зерттеген қызылжарлық қаламгерлерді атағанда тізімнің басында жазушы-журналист Жарасбай Сүлейменовтің тұрары сөзсіз. Өзгесін айтпағанда оқырман қауымыз "Мағжан" энциклопедиясын сыйлаған қаламгердің бұл еңбегі тұтас аялымы институттың жұмысына пара-пар. Оның сыртында жазған зерттеулері мен құрастырған кітаптары бір төбе. Жұырда жазушы өзі көптеген еңбектеріне арқау еткен ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың есімін шекпенен ауданға барып, оқырмандармен, руханият өкілдерімен жүздесті.

Қаламгерді аудан әкімі Қайрат Омаров, зиялы қауым өкілдері, руханият, тіл жаныштары қарсы алды. Содан кейін олар ауданның орталық алаңындағы Алаш арысының ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Рухани шара аудандық Мәдениет үйінде жалғасын тапты. Онда жиналғандар назарына "Дала бесік" көрмесі ұсынылды. Көрме сөресіне қаламгердің кітаптары, ол құрастырған туындылар жайғастырылды.

Жарасбай Қабдоллаұлының мағжантану саласындағы еңбегі қандай құрметке болсын лайық. Қамшының

сабындай қысқа ғұмырында басын бөйгеге тіге жүріп халқына адал қызмет еткен Мағжан Жұмабаевтың өмірі қилы оқиғаларға, жұмбақтарға толы. Сіз сол жұмбақтардың астарына тереңірек үңіліп, Алаш арысы өмір сүрген кезеге сүңгі білдіңіз. Адам өмірінің айтулы белесі саналатын 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отыра, сізге мықты денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр тілейміз – деген аудан басшысы қазақтың жөн-жоралғысымен қаламгердің иығына шалап жалпты.

Өз кезегінде Жарасбай Сүлейменов

аудан жұртшылығының көрсетіп жатқан құрметіне ризашылығын білдіріп, алғыс айтты. Жиналғандарға өмір жолы, осы уақытқа дейін атқарған қызметі туралы айтып берді.

"Менің жолымды ашқан Мағжан. Қазақтың ең ардақты ақынына деген сүйіспеншілік қаламгер ретінде жетілуіме ықпал етті. Өмір болған соң менің де алдымды ораған түрлі сәтсіздіктер кездесті. Жұмыстан шығып қалған, жоғарыдағы басшылардың маған қырын қараған кездері де болды. Оны ешкімнен жасырған емеспін. Сондай күндердің бірінде мен Мағжанды оқыдым.

Даңқты тұлғаға төу етіп, қилы тағдырын зерделегім келді. Алғашқы кітаптарым жарық көрді. Содан менің алдымнан нұрлы сурлеу қол бұлғап шақыра берді, шақыра берді", – деді мерейтой иесі.

Оқырман қауым қаламгердің қоғамдағы қазіргі ахуал, жастар тәрбиесі туралы айтқан уытты сөздерін ерекше ықыласпен тындап, орайы келгенде өз ойларымен бөлісіп отырды. Жазушының айтуынша, көз келген ұжым руханият, мораль мәселесін бірінші орынға шығаруы керек. Жастар қазақтың дәстүр-салтын берік ұстану, газет-журнал оқу, үлкенді сыйлау, кішіге ізеттілік таныту арқылы биік белестерді бағындыра алады. Әңгіме барысында мейман Мағжанды Мағана Бауыржан Момышұлының көргені туралы қауесеттерге қатысты дәлелді пікір білдірді.

"Бұл әңгіме әлі де қозғалып келеді. Бір күні менің қолыма Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыстық департаментінде Сталиннің Мағжан Жұмабаевты ату туралы бұйрығын орындаған адамның аты-жөні жазылған құжат көрсетілді. Өлім жазасының қай күні, қашан орындалғаны туралы ақпарат тайға таңба басқандай жазылған. Сондықтан Алаш арысы орманда бой тасалаған деген әңгімені доғару керек. Бір өкініштісі, ақынның мәңгілік тыныстап жатқан ораны бүгінге дейін белгісіз болып отыр", – деді Жарасбай Сүлейменов.

Шарада "Қызылжар-Ақпарат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас редакторы Нұргүл Оқашева жазушының азаматтық болмысы жайлы әңгімелесе, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сағындық Рахымжан Жарасбай Қабдоллаұлының жас журналистерді тәрбиелеудегі рөлін, жастарға көрсеткен қамқорлығын баян етті. Мағжан Жұмабаев ауданының құрметті азаматы Болат Қазанов мерейтой иесін жас шағынан білетінін, түрлі қызметтердің тізгінін ұстағанын, өңір журналистикасының дамуына қосқан сүбелі үлесін айтты.

Шара соңында қаламгер өзінің бірнеше кітабын оқырмандарға табыс етті.

Еркін ТӨЛЕГЕН,  
Суреттерді түсірген  
Қанат ӘТЕМУРАТОВ.

## ҚАРИЯЛАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ

Көшпелі семинарға ауылдық округтердің ардагерлер ұйымдарының және Булаев қаласының бастауыш ұйымдарының төрағалары, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының мүшелері, аудан әкімі аппаратының басшысы А.С. Қазисов, шаруашылықтың бас директоры А.С. Сапаров, шаруашылық директорының м.а. А.С. Байманов, Бөйтерек ауылдық округінің әкімі Г.Б. Исмахабетова, жастар ресурстық орталығы басшысының м.а. М. Галайдина қатысты.

Алдымен ауылды аралауды мақсат тұтқан қонақтар үшін спорт алаңдары және басқа да нысандар бойынша экскурсия өткізілді. Отырыс алдында іс-шараға қатысушылар Ұлы Отан соғысының жауынгерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне тағзым етті.

Кездесу ауылдық Мәдениет үйінде өтіп, оның дәлізінде жиналғандар назарына Бөйтерек ауылдың бастауыш ұйымының жұмысы туралы баяндайтын материалдар, қолөнер көрмесі ұсынылды.

Содан кейін іс-шара Мәдениет үйінің акт залында жалғасты. Онда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Ш. Сағындықов сөз алып, семинарға қатысушыларды облыстық ардагерлер кеңесі қойған міндеттермен таныстырды:

- шілде-қараша айларында бастауыш және цехтық ардагерлер ұйымдарында қайта сайлау жиналыстарын өткізу;
- жастарды патриоттық тәрбиелеу;
- мектептерде ерлік сабақтарын өткізу;
- клубтардың қызығушылықтары бойынша жұмысы;
- ҰОС Жеңісінің 80 жылдығына дайындық іс-шаралары.

Оралбай Шеріпұлы қатысушыларды жаңадан сайланған ардагерлер ұйымдарының төрағаларымен таныстырды. С.К. Ысқақов - аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, В.В. Спиридонова - Қарақоға ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы, Е.Н. Сильченко - Возвышен ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы, М.Г. Аминова - Алтын дән ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Шара барысында ауылдық округтің ардагерлер ұйымының жұмысына белсенді қатысқаны үшін А.П. Разумоваға және О.Б. Галингерге аудандық ардагерлер

Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер кеңесі - облыстағы үздік ұйымдарды қатарында. Оның белсенді жұмысын ұйымдастырып, зейнеткерлердің тәжірибе алмасуын жолға қойған біздің ұйым жұлдызына бірнеше рет жиындар өткізіп, ауылдарда орналасқан бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағаларын басын қосады. 28 маусым күні Бөйтерек ауылында өткен алқалы жиын сол бір игі дәстүрдің жалғасы еді.



## АРДАГЕРЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖИЫНЫ

кеңесінің Алғыс хаттары табысталды. Бөйтерек ауылдық округінің бастауыш ардагерлер ұйымының жұмыс тәжірибесі туралы оның төрағасы Н.И. Попова айтып берді. Одан өрі үздік ардагерлер ұйымдары өзара жұмыс тәжірибелерімен алмасты, мәселен, Булаев қаласының солтүстік жағындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Н.Н. Ковальцова, Қарақоға ауылдық округінің бастауыш ұйымы төрағасының орынбасары О.А. Құдайбергенова, Авангард ауылдық округінің бастауыш ұйымының төрағасы А.Ф. Усенко өріптестерімен ой бөлісті. Бөйтерек ауылдық округінің әкімі Г.Б. Исмахабетова ауылдық округ өкімдігі

мен бастауыш ардагерлер ұйымының бірлескен жұмысы туралы айтып берді. Семинардың әр қатысушысына естелік кәдесйілар табысталып, құрмет демалысына енді шыққан зейнеткерлер салтанатты түрде ардагерлер ұйымының қатарына қабылданды.

Шаруашылықтың бас директоры А.С. Сапаров өз құттықтау сөзінде аға буын өкілдері жүргізіп жатқан жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігін атап өтті. Ол біздің ардагерлерге көптеген жылы сөздер айтып, оларға деген құрметін білдірді.

Аудан әкімі аппаратының басшысы А.С. Қазисов ардагерлер кеңесінің

жұмысындағы игі істерге, сондай-ақ ардагерлер кеңесінің атқарушы билікпен, педагогтармен, қоғам өкілдерімен тығыз ынтымақтастықтағы белсенді жұмысына тоқталды.

Семинар соңында ауылдық округ ардагерлері, кітапханашы, мәдениет қызметкері, өкімдік қызметкерлері, «Сударушка» клубының мүшелері, Фурманов орта мектебінің 8-ші сынып оқушылары мерекелік концерт ұсынып, өннен шашу шашты.

Серік ЫСҚАҚОВ,  
аудандық ардагерлер кеңесі  
төрағасының орынбасары.





Дүйсенбі, 8 шілде	Сейсенбі, 9 шілде	Сәрсенбі, 10 шілде	Бейсенбі, 11 шілде	Жұма, 12 шілде	Сенбі, 13 шілде	Жексенбі, 14 шілде
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ШЕБЕР». 06.30 «ТАКИЯЛИ ПЕРШТЕ», Х/Ф. 08.15 М/Ф «АЛДАР ҚОСЕНІҢ ҚОНІЛДІ ОҚИҒАЛАРЫ». 08.45 КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.05, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 02.55 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.50 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.20 «АПТА». 17.10 «БРЕГЕЙ». 20.00, 23.00 АКПАРАТ. 20.30 ӨН КЕШІ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 «БІРЖАН САЛ», Х/Ф. 01.50 «САНА».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ШЕБЕР. 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 23.15 АКПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.10, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ». 14.45 ОТАҢДЫҚ BREND. 15.15 АҚОРДА. 15.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 02.00 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ҚУДАША ҰЫЗ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.50 ФУТБОЛ. 02.50 САНА.	04.45 ӘНУРАН. 04.50, 16.05, 23.50 ФУТБОЛ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 15.00, 20.00, 23.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.10, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ». 14.45 ОТАҢДЫҚ BREND. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛ ҚЫСЫ. 16.15 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 02.00 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ҚУДАША ҰЫЗ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 02.50 САНА.	04.45 ӘНУРАН. 04.50, 15.55, 23.50 ФУТБОЛ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 15.00, 20.00, 23.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.10, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 02.05 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ». 14.45 ОТАҢДЫҚ BREND. 15.15, 00.30 ТҮЛҒА. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 23.40 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ҚУДАША ҰЫЗ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 01.00 САНА. 03.35 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.50 ШЕБЕР. 06.30, 10.00, 15.00, 20.00, 23.10 АКПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.10, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 02.20 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.50 Т/Х «47 БАЛАНЫҢ АНАСЫ». 14.45 ОТАҢДЫҚ BREND. 15.15, 01.30 БРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 КОНЦЕРТ. 00.25 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ШЕБЕР». 06.30, 20.00, 23.10 АКПАРАТ. 07.00, 03.40 ЗИНЬАР. 07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.30 ШАҢЫРАҚ. 09.00 КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.00, 19.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00, 02.50 ТЕЛЕДӨРГЕР. 13.00 «ӨН МЕН ӨНШІ». 15.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 17.20, 02.30 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 17.40 ҚОҢЛ ТOLКЫНЫ. 20.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.40 Т/Х «ТЕКЕТИРЕС».	04.45 ӘНУРАН. 04.50 ФУТБОЛ. 07.00, 02.55 Д/Ф. 07.50 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.35, 03.40 «АҚСАУЫТ». 09.00 БОКС. 10.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 11.00, 18.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 13.50 ҚОҢЛ ТOLКЫНЫ. 15.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 20.00 ОТАНДАСТАР. 20.50, 02.00 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 23.35 ФУТБОЛ UEFA EURO 2024. 02.10 КҮМІС КӨМЕЙ.

Дүйсенбі, 8 шілде	Сейсенбі, 9 шілде	Сәрсенбі, 10 шілде	Бейсенбі, 11 шілде	Жұма, 12 шілде	Сенбі, 13 шілде	Жексенбі, 14 шілде
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 КІМ МЫҚТЫ? 06.00 «СПЕШИ ЛЮБИТЬ», Х/Ф. 08.00 COVER SHOW. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 PRESIDENT. 10.40 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҰЛ». 14.00, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 16.00, 23.00 Т/Х «МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 08.00 COVER SHOW. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.20 ОЙТАЛҚЫ. 10.50 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҰЛ». 14.00, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 16.00, 23.00 Т/Х «МОЯ ИДЕАЛЬНАЯ МАМА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 08.00 COVER SHOW. 10.00 NEOCETЬ. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҰЛ». 14.00, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 16.00, 23.00 Т/Х «СЕЗОН ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 08.00 COVER SHOW. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.40 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 11.10 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҰЛ». 14.00, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 16.00, 23.00 Т/Х «СЕЗОН ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 08.00 COVER SHOW. 10.00 ОЙТАЛҚЫ. 10.30 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ФАТМАҒҰЛ». 14.00, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 15.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 16.00 Т/Х «НЕБЕСА ПОДОЖДУТ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 23.00 Т/С «ДОБРЫЙ СОСЕДЬ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 ЖЕПІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.10 М/Ф «ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ». 12.00 «ДОБРЫЙ СОСЕДЬ», Х/Ф. 14.00 XXI ФАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 «ХОТЯ БЫ В КИНО», Х/Ф. 23.00 «Половинка МЕНЯ», Х/Ф. 01.00 ӘСЕМ ӘНДЕР.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 ЖЕПІ ҚАЗЫНА. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «ТАЙНЫ МЕДОВОЙ ДОЛИНЫ». 12.00 «Половинка МЕНЯ», Х/Ф. 14.45 «ХОТЯ БЫ В КИНО», Х/Ф. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ХОТЯ БЫ КИНОФА-2», Х/Ф. 23.00 «МОНТЕ-КАРЛО», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 8 шілде	Сейсенбі, 9 шілде	Сәрсенбі, 10 шілде	Бейсенбі, 11 шілде	Жұма, 12 шілде	Сенбі, 13 шілде	Жексенбі, 14 шілде
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 08.05, 02.15 «П@УТИНА». 09.05 «МУЖЧИНА В ДОМЕ», Х/Ф. 10.40 «РЕЦЕПТ ЛЮБВИ», Х/Ф. 14.30 «ДВИГАТЕЛЬ ВНУТРЕННЕГО СГОРАНИЯ», Х/Ф. 18.30, 01.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ДЖИНЬ». 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.00 Т/С «РОДСТВЕННЫЙ ОБМЕН».	06.00, 03.55 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 04.55 ҚАЙМАҚ. 15.00, 19.00 KÖREMIZ. 15.55 БЕЙКҮНӨ. 16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧЕРНОЕ СОЛНЦЕ». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.30 Т/С «РОДСТВЕННЫЙ ОБМЕН».	06.00, 03.55 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 04.55 ҚАЙМАҚ. 15.00, 19.00 KÖREMIZ. 15.55 БЕЙКҮНӨ. 16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧЕРНОЕ СОЛНЦЕ». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.30 Т/С «РОДСТВЕННЫЙ ОБМЕН».	06.00, 03.55 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25, 04.55 ҚАЙМАҚ. 15.00, 19.00 KÖREMIZ. 15.55 БЕЙКҮНӨ. 16.40 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ». 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЧЕРНОЕ СОЛНЦЕ». 00.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.30 Т/С «РОДСТВЕННЫЙ ОБМЕН».	06.00, 02.05, 04.15 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «НЕ ПЛАЧЬ ПО МНЕ, АРГЕНТИНА». 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 ҚАЙМАҚ. 15.00, 19.00 KÖREMIZ. 15.55 БЕЙКҮНӨ. 16.40 Т/С «ВЫХОД». 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ЖИЗНЬ ПОСЛЕ», Д/Ф. 21.05 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.15 Т/С «ШРАМ».	06.00, 03.45 ТАМАША CITY. 07.55, 03.00 «П@УТИНА». 08.50 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 09.45 ПОЕХАЛИ! 10.45 «СЕСТРЫ», Х/Ф. 14.45 «ШВАБРА», Х/Ф. 18.25 «БОЛЬШОЕ ПУТЕШЕСТВИЕ. СПЕЦИАЛЬНАЯ ДОСТАВКА». 20.10 «АВАНТЮРА НА ДВОИХ», Х/Ф. 23.55 «СКУЛПТОР СМЕРТИ», Х/Ф. 01.35 Т/С «КАРТЕР». 04.15 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 03.00 ТАМАША CITY. 08.20, 02.10 «П@УТИНА». 09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.25 ПРОУЮТ. 10.25 «МОТЫЛЬКИ», Х/Ф. 14.45 «ШВАБРА», Х/Ф. 18.20 «НАПАРНИК», Х/Ф. 20.05 «АВАНТЮРА НА ДВОИХ», Х/Ф. 23.45 «ТРИ АККОРДА». 01.30 Т/С «КАРТЕР».

Жүректі шын күйдірсе, махаббат азабының өзі де бір қуаныш емес пе? Иә, зор қуаныш. Өйткені жүрек қуы үшін шын махаббат, зор махаббат керек. Ал, ондай махаббат жаныңа қанша азап салса да – қуаныш, бақыт.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘСЛИХАТ  
ДЕПУТАТЫНЫҢ  
2024 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНДА  
АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
Кляйн Николай Юрьевич	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 11.00 бастап 13.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56 үй, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті, алдын ала жазылу 8 (715-31)2-19-96 телефоны арқылы

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ  
ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
2024 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНДА  
АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ  
КЕСТЕСІ**

р/с №	Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
1	Рахметова Айзада Нұрланқызы	Әр айдың екінші жұмасы, сағ. 15.00 бастап 18.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
2	Баранов Юрий Олегович	Әр айдың үшінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
3	Бөкіров Ермек Жәңгірұлы	Әр айдың бірінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
4	Шәрипов Нұржанат Сабырұлы	Әр айдың екінші бейсенбісі, сағ. 10.00 бастап 12.00 дейін	Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56, аудандық мәслихат, мәслихат төрағасының кабинеті
5	Крот Олег Степанович	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Бастомар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті сағ. 10.00-11.00 дейін Александровка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейін Возвышенка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін
6	Хайдарова Жения Абайқызы	Әр айдың бірінші дүйсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Қарақоға а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті
7	Елубаев Сатыбек Фазылұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 13.00 дейін	Надежда а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00 дейін Чистов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейін
8	Сағындықова Гүлбану Телегенқызы	Әр айдың соңғы сәрсенбісі, сағ. 12.00 бастап 17.00 дейін	Конохов а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейін Октябрь а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін Лебяжье а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 16.00-17.00 дейін
9	Сералинов Алмас Уәлиұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Таман а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00 дейін Молодогвардейское а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейін Ұзынкөл а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін
10	Әбілмәжінов Төлеген Әлжанұлы	Әр айдың екінші сәрсенбісі, сағ. 10.00 бастап 15.00 дейін	Полтавка а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 10.00-11.00 дейін Жастар а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 12.00-13.00 дейін Совет а., орта мектеп ғимараты, директордың кабинеті, сағ. 14.00-15.00 дейін
11			Бос орын

ЦИФРАНДЫРУ

**ҚР ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ  
СМАРТФОННЫҢ  
КӨМЕГІМЕН ҚЫЗМЕТТІК  
БАСПАНАСЫН ЖАЛДАУ  
ШАРТЫН  
ЖАСАЙ АЛАДЫ**



ҚР Қарулы күштерінің қызметкерлері енді eGov Mobile көмегімен жаңа немесе қолданыстағы қызметтік баспананы жалдау шартын ұзарту алады. Егер бұрын әскери қызметшілер құжаттарды қағаз тасымалдағыштарда жинап, кезекте тұрған болса, енді шарт жасау көрсетілетін қызметі eGov Mobile қосымшасы орнатылған кез келген смартфоннан қолжетімді болады.

топтырыңыз және файлдарды жүктеп алыңыз;  
- дербес деректерді өңдеуге келісім беру. «Қол қоюға өту» батырмасын басу. Қол қою жылдам қол жеткізу кодын немесе биометрияны енгізу арқылы жасалады.

Көрсетілетін қызметті алу үшін сізге:  
- қосымшаға кіріп, «Көрсетілетін қызметтер» қосымша бетіне өтіңіз;  
- «Әскери есеп» бөлімін таңдау;  
- «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік баспанасын жалға алу шартын жасау және ұзарту» көрсетілетін қызметтер тізбесінен табу;  
- барлық қажетті алаңдарды

Көрсетілетін қызмет Egov электрондық үкімет порталында дербес компьютерлерден де қолжетімді.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,  
«YAT» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

**ҚҰСАНОВ  
АМАНГЕЛДІ ТЕМІРҒАЛИҰЛЫ**

2024 жылдың 30 маусымында 69 жасында Құсанов Амангелді Темірғалиұлы өмірден өтті.

Амангелді Темірғалиұлы 1955 жылы 7 ақпанда Омбы облысы Есілкөл ауданы Омар ауылында дүниеге келген. 1977 жылы С.М. Киров атындағы Омбы ауылшаруашылық институты «Зоотехния» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1979 жылы Омбы облысы Есілкөл ауданының «Боевое» тәжірибелік-өндірістік шаруашылығында зоотехник болып бастаған.

1986 жылы А.Т. Құсанов Солтүстік Қазақстан облысы Возвышен ауданы «Ждановский» совхозының № 2 бөлімшесінің зоотехнигі болып ауысты. Онда ол 15 жылдан астам уақыт бойы әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді. 2002 жылдан бастап Чистов ауылдық округінің әкімі, 2016 жылдан 2018 жылға дейін Надежда ауылдық округінің әкімі болды.

Сондай-ақ 2011 жылдан 2016 жылға дейін «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

2018 жылы А.Т. Құсанов күрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін де Амангелді Темірғалиұлы белсенді қоғамдық жұмыс жүргізіп, айналасындағылардың құрметіне бөлене білді.

Көп жылғы адал еңбегі үшін Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен және мерейтойлық медальдармен марапатталды. Амангелді Темірғалиұлының жарқын жады біздің есімде ұзақ уақыт сақталып, ұмытылмайды. Біз оның отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қ.Қ. Омаров, О.Ш. Сағындықов, А.Н. Рахметова, Т.Ә. Әбілмәжінов, А.С. Шәрипов, Д.М. Тоқужинов, Д.С.Тасмағанбетов, А.С. Қазисов, А.Ж. Қыраубасев, С.С. Заев, Ю.А. Португалин және т.б.

**2024 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА  
АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы - Рахметова Айзада Нұрланқызы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 11:00-13:00-ге дейін қабылдау жүргізеді, мекен жайы: Булаев қ., Юбилейная к-сі, 56. Тел: 8(71531) 2-16-03.

Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі - Ветер Гүнар Хасенқызы әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Таман ауылы, тел. 5-28-90, 5-29-31.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын

сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел. 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкімі - Мұқашев Жанболат Хазеулы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Қарақоға ауылы, тел. 2-44-49.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі - Бейсебаева Сарагүл Сәрсенқұлқызы әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Успенка ауылы, тел. 2-51-21.

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ**

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдел кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:

- «Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» КММ - 8(71531) 2-19-96.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-28-90, 5-29-31.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 5-26-

- 16. «Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-44-49.
- «Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі өкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 2-51-21.

<p>Директор - бас редактор Пела ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мәнік нөсі: «1 ақпанда «Весты» ЖІНС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65346 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«MagJan Juldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Сенерия Қазақстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Копунов к-сі, 5 үй). Тарадының - 655</p>	<p>Газет аудан өкімінің, аудандық мәслихаттың тізбесі бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық сипатта жүргізулеті ресми басылым болып табылады</p>
<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395 - Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәнігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта төрабына хабарласуға болады</p>				